

Әуликөл ауданында 2015 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 60 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 сәуірде № 5536 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағына 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес, Әуликөл ауданында 2015 жылға арналған нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. «Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.С. Нұғмановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А. Балғарин*
Ә к і м д і к т і ң
2 0 1 5 жы л ғы 3 1 на у р ы з да ғы
№ 6 0
қаулысына қосымша

Әуликөл ауданында 2015 жылға арналған нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Жұмыссыз ретінде тіркелген елу жастан асқан тұлғалар.
2. Ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеген азаматтар (он екі ай және одан артық).
3. 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.